ХАТТАМА №1

Күні: «16» қыркүйек 2026 жыл

Өткізілген орны: оқу кабинеті

Қатысқандар: мектеп психологы, 1 және 5 сынып жетекшілері

Тақырыбы: 1 және 5 сынып оқушыларының мектепке бейімделуін бақылау

Күн тәртібі:

1. 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін бақылау.
2. 5 сынып оқушыларының негізгі мектепке бейімделу барысын бақылау.
3. Бейімделу кезеңінде қиындықтары байқалған оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Тыңдалды:

Мектеп психологы 2026-2027 оқу жылының қыркүйек айында 1 және 5 сынып оқушыларының мектеп ортасына бейімделу барысына бақылау жүргізілгенін атап өтті. 1 сынып оқушыларының мектеп тәртібіне, мұғалімнің талаптарына, сыныптастарымен қарым-қатынасқа және оқу үдерісіне бейімделуі бақыланды. Оқушылардың басым бөлігінің мектеп өміріне қызығушылық танытып, жаңа ортаға біртіндеп бейімделіп келе жатқаны байқалды. Кейбір оқушыларда қобалжу, ұялшақтық, зейіннің тұрақсыздығы және шаршау белгілері байқалды.

5 сынып оқушыларының бастауыш буыннан негізгі мектепке ауысуына байланысты жаңа оқу жағдайына бейімделуі бақыланды. Оқушылардың пән мұғалімдерінің талаптарына, жаңа пәндерге, оқу жүктемесіне және сыныптағы қарым-қатынасқа бейімделу ерекшеліктері қарастырылды. Жалпы оқушылардың басым бөлігінің бейімделу үдерісі қалыпты деңгейде жүріп жатқаны анықталды.

Қаулы:

1. 1 және 5 сынып оқушыларының мектепке бейімделу барысын бақылау жұмыстары жалғастырылсын.
2. Бейімделуінде қиындықтары байқалған оқушылармен жеке психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілсін.
3. Сынып жетекшілеріне оқушылардың эмоционалдық жағдайын, оқу белсенділігін және сыныптағы қарым-қатынасын бақылау ұсынылсын.
4. Қажет болған жағдайда ата-аналарға психологиялық кеңес берілсін.
5. Бейімделу нәтижелері қазан айында қайта қаралып, мониторинг жүргізілсін.

Мектеп психологі: С.К.Катбаева